

МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК
БАТЫС БӨЛІГІНДЕГІ КИЕЛІ ЖЕРДІҢ
ГЕОГРАФИЯСЫ (ЖУАЛЫ, ТАЛАС,
САРЫСУ АУДАНДАРЫ)

ОРЫНДАҒАН: АРХАБЕКОВА А.Е.

ЖЕТЕКШІСІ: ТАЖИЕВА Т.Ч.



Мақсаты: «Туған жер» бағдарламасы аясында Әулиеата өңірінің киелі жерлерін және Жамбыл облысы этностарының тарихын, мәдениетін, тілін және салт-дәстүрлерін, археологиясын, географиясын зерттеу, елге таныту және насихаттау

«Әулие ата - киелі мекен» атты тарихи этнографиялық, ландшафтық, Жамбыл облысы этностарының тарихын, мәдениетін, тілін және салт-дәстүрлерін зерттеуге арналған экспедиция бағыттары бойынша жалпы сипаттама:

- Жамбыл облысының киелі жерлерінің интерактивтік-тарихи картасын жасауға қажетті тарихи-танымдық деректерді жинау.
- Жамбыл облысы этностарының өз тарихы мен мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін анықтау және зерттеу жүргізуге қажетті фольклорлық-диалектологиялық материал алу және сұрыптау;
- Облысқа танылмаған киелі жерлерді анықтау, олардың орналасқан жерлерінің маршрутының сызбасын жасау.
- Киелі орындар орналасқан елді мекендердің табиғат жағдайының жалпы сипаттамасын беру.
- Шығатын туристік маршруттың бағытын, ұзақтығын анықтау.
- Киелі орынның табиғи-территориялық кешеніне талдау жасау, таксономиялық бірліктерге бөлу, карта-сызба құрастыру.
- Киелі жер орналасқан географиялық белдеудің антропогендік игерілуі, оның рекреациялық пайдаланылуын айқындау.
- Киелі жер орналасқан елді мекеннің визуалды-топографиялық жоспарын құрастыру.

Экспедиция жұмысында жүзеге асырылды:

- Елді мекеннің географиялық орнын, теңіз деңгейінен неше шақырым биіктікте жатқанын, координатымен танысу және нақтылау;
- Киелі жер орналасқан елді мекеннің флорасы және фауна әлемінің биологиялық алуан түрлілігін, эндемик өсімдіктері мен жойылу қаупі бар жануарларды анықтау;
- Киелі жер орналасқан елді мекеннің әлеуметтік (тұрмыстық жағдайын халықтық популяциялық тығыздығын, демографиялық динамикасын) экономикалық, экологиялық (көлік, өндірістік, индустриялардың дамуы) жағдайын нақтылау;
- Киелі жер орналасқан елді мекеннің флорасы және фауна әлемінің биологиялық алуантүрлілігін, эндемик өсімдіктерімен жойылу қаупі бар жануарлардың экожүйедегі таксономиялық тізімін құрастыру;
- Киелі жер орналасқан елді мекеннің әлеуметтік (тұрмыстық жағдайын халықтық популяциялық тығыздығын, демографиялық динамикасын) экономикалық, экологиялық (көлік, өндірістік, индустриялардың дамуы) жағдайын анықтап, сызбасын түсіру.

ЖУАЛЫ АУДАНЫ (15.06.2017 ЖЫЛ)

«Әулие Ата - киелі мекен» тарихи-этнографиялық экспедициясы алғашқы бағытын 2017 жылдың 15-маусымы күні Жуалы ауданынан бастады. Жуалы ауданында экспедиция мүшелерін Жуалы ауданы әкімінің орынбасары Әділбақов А.К., Жуалы аудандық мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау инспекторы Біләнұлы Досан қарсы алды, өлкетанушы Байдалиев Дәулетжан Жамалбекұлы экспедицияға жолбасшы ретінде ауданның тарихи-мәдени ескерткіштерімен таныстырып, туризмді дамытуға болатын шұрайлы жерлерін көрсетті.



ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

ТАБИҒАТЫ СҰЛУ, АУАСЫ САП АЛТЫН, ҚОЙНАУЫ ТАРИХҚА ТҰНҒАН ЖУАЛЫ ЖЕРІНІҢ ӘР ШОҚЫСЫ МЕН ҚЫРҚАСЫ, САЙ-САЛАСЫ ШЕЖІРЕГЕ ТОЛЫ.

ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ШЕКАРАСЫ ТҮСТІГІНДЕ ТАЛАС АЛАТАУЫ МЕН ҚАРАТАУ ЖОТАЛАРЫНАН БАСТАЛЫП, БОРАЛДАЙ, ҚҰЛАН, ҚОШҚАРАТА, БУРЫЛ ТАУЛАРЫНА, ТЕРІСКЕЙІНДЕ БИЛІКӨЛ СУ АЙДЫНЫНА ДЕЙІН СОЗЫЛЫП ЖАТҚАН КЕҢ АЛҚАП. МЫҢБУЛАҚ, ЖУАЛЫ ДЕП АТАЛҒАН ӨЛКЕГЕ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫН, КЕМЕЛ КЕЛЕШЕГІН АҢСАП, ЖЕЛМАЯМЕН ЖОРТЫП ЕЛІ ҮШІН ЖЕРҰЙЫҚ МЕКЕН ІЗДЕГЕН АСАН ҚАЙҒЫ БАБАМЫЗ АТ БАСЫН ТІРЕЙ ТҰРЫП: «ШӨБІҢ - ШҮЙГІН, СУЫҢ - БАЛ, ТОПЫРАҒЫҢ - МАЙ ЕКЕН, ҚАДІРІНДІ ЕГІН САЛҒАН ЕЛ БІЛЕР», - ДЕП ТАМСАНҒАН ЕКЕН. ОДАН СӨЛ КЕЙІНДЕУ ШӘШКЕ (ТӘШКЕ) САПАР ШЕККЕН ӘЙГІЛІ ҚЫТАЙ САЯХАТШЫ СЮАНЬ-ЦЗЯНЬ ДА МЫҢБҰЛАҚ - ЖУАЛЫДА АЗ-КЕМ АЯЛДАП, КӨРГЕН-БІЛГЕНІН БЫЛАЙША ТЕБІРЕНЕ ҚАҒАЗҒА ТҮСІРІПТІ: «МЫҢБҰЛАҚТЫҢ ТҮСТІК ТҰСЫН ҚАР БАСҚАН БИІК МҰЗДЫ ТАУЛАР ҚОРШАҒАН. СУЫ МОЛ, ОРМАН- ТОҒАЙЫ ТҰНЫП ТҰР. КӨКТЕМНІҢ СОҢҒЫ АЙЛАРЫНДА ЖАЙҚАЛЫП ӨСКЕН ТҮРЛІ-ТҮСТІ ГҮЛДЕР ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫНАН ШЫҚҚАН ӘСЕМ КІЛЕМДЕЙ ЖАЙНАП, КӨЗДІҢ ЖАУЫН АЛАДЫ. МҰНДАҒЫ САЙ-САЛА МӨЛДІР БҰЛАҚТАРДАН АЯҚ АЛЫП ЖҮРГІСІЗ. СОНДЫҚТАН ДА «МЫҢБҰЛАҚ» АТАНҒАН».



ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

ЖУАЛЫ АУДАНЫ 1928 ЖЫЛЫ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ 3-ШІ ЖҰЛДЫЗЫНДА ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ҚҰРЫЛҒАН. АЛ 1951 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА БЕРІЛДІ.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ АУЫЛЫ - ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНАН 60 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК-БАТЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН.

АУДАННЫҢ ЖАЛПЫ ЖЕР КӨЛЕМІ - 421 МЫҢ 283 ГА., ОНЫҢ ІШІНДЕ, ЕГІСТІК - 102 МЫҢ 759 ГА., ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРІ - 219 МЫҢ 963 ГА., ШАБЫНДЫҚ ЖЕРІ - 7458 ГА., КӨП ЖЫЛДЫҚ АҒАШТАР КӨЛЕМІ - 715 ГА. ХАЛҚЫ 51915 (52615) АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ. АУДАН БОЙЫНША АУЛА САНЫ - 10478 БІРЛІК.

ЖУАЛЫ АУДАНЫ ТЕРІС (АСЫ) ӨЗЕНІНІҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АҒЫСЫНДА, ЖЕРІНІҢ БАСЫМ БӨЛІГІН ЖУАЛЫ ТАУЛЫ ҮСТІРТІ (БИКІТІГІ ОРТАЛЫҒЫНДА 900 М, ШЕТ ЖАҚТАРЫНДА 1200 М) АЛЫП ЖАТЫР. СОЛТҮСТІГІ МЕН СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫСЫН ҚАРАТАУ ЖОТАСЫ, БАТЫСЫ МЕН ОҢТҮСТІК-БАТЫСЫНАН БОРАЛДАЙ ТАУЫ, ОҢТҮСТІГІНЕН ТАЛАС АЛАТАУЫ ҚОРШАЙДЫ. АУДАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ БИЛІКӨЛ ҚАЗАНШҰҢҚЫРЫ (АБСОЛЮТТІ БИКІТІГІ ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНЕН 450 М) ОРНАЛАСҚАН. КЕН БАЙЛЫҚТАРЫНАН (АҒЫЛ. ҒАЛЫМЫ РОНШАЛЬД ЖУАЛЫНЫҢ ГЕОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕГЕН) ТАС КӨМІР, ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ КЕЗДЕСЕДІ.

КЛИМАТЫ. ТАУЛЫ ҮСТІРТТІҢ КЛИМАТЫ ҚОҢЫРЖАЙ КОНТИНЕНТТІК, ҚАҢТАРДЫҢ ОРТАША ТЕМПЕРАТУРАСЫ - 2 С₀, ШІЛДЕДЕ 18 С₀. ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ ЖЫЛДЫҚ ОРТАША МӨЛШЕРІ 400 ММ ШАМАСЫНДА. КЛИМАТ ЖАҒДАЙЛАРЫ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР МЕН КЕЙБІР ТЕХНИКАЛЫҚ (КҮНБАҒЫС) ДАҚЫЛДАРДЫ ЕГУГЕ ҚОЛАЙЛЫ. АУДАННЫҢ СОЛТҮСТІГІНДЕ КЛИМАТ ТЫМ КОНТИНЕНТТІК ЖӘНЕ ҚҰРҒАҚ. ҚАҢТАРДА - 8 С₀, ШІЛДЕДЕ 24 С₀. ЖЫЛДЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ ОРТАША МӨЛШЕРІ 200 ММ

ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ТАБИҒАТЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ. ТЕРІС – ӨЗЕНІ. ҰЗЫНДЫҒЫ-51 КМ. СУ АЛАБЫНЫҢ АУДАНЫ 485 КМ². СУ АЛАБЫ -АСА ӨЗЕНІ. КООРДИНАТТАРЫ. 42 37'51" С. Е. 70 28'58" Ш. Б.42.63083 С. Е. 70.48278 Ш. Б. САҒАСЫ-ТЕРІС-АЩЫБҰЛАҚ БӨГЕНІ. КООРДИНАТТАРЫ-42 41'06" С. Е.70 51'16" Ш. Б. 42.68500 С. Е. 70.85444 Ш. Б.



ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСҚА ҚАРАЙ БҰРАЛА АҒЫП, ТЕРІС-АЩЫБҰЛАҚ БӨГЕНІНЕ ҚҰЯДЫ. БӨГЕННЕН ТӨМЕНДЕГІ ӨЗЕН АСА ДЕП АТАЛАДЫ. ӨЗЕННІҢ 20 КМ-ДЕН АСТАМ ЕКІ САЛАСЫ ЖӘНЕ ОНШАҚТЫ ҰСАҚ САЛАЛАРЫ БАР. ҚОРЕКТЕНУ КӨЗІ; ҚАР, ЖАУЫН-ШАШЫН, ЖЕР АСТЫ СУЛАРЫ. АҢҒАРЫ ЖОҒАРЫ АҒЫСЫНДА 60-110 М, ЖАЗЫҚТА 300-450 М. ӨЗЕН ЕГІСТІКТІ СУАРУҒА ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ. ЖАҒАЛАУЫ ШАБЫНДЫҚ. ТЕРІС ӨЗЕНІНІҢ БҰРЫНҒЫ АТАУЫ - МЫҢБҰЛАҚ БОЛҒАН. ОЛ ЖӨНІНДЕ 630-ШЫ ЖЫЛДАР ШАМАСЫНДА ҚЫТАЙ ЖИҢАНГЕРІ СЮАНЬ-ЦЗЯНЬНАН ЖАЗҒАН САПАРНАМА БАЯН ЕТЕДІ. (ТӨМЕН ЖАҒЫ АСЫ ДЕП АТАЛАДЫ), ОНЫҢ ЕҢ ІРІ САЛАСЫ – ШАҚПАҚ ӨЗЕНІ. АУДАННЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫСЫНАН ҚОШҚАР АТА (БОРАЛДАЙДЫҢ САЛАСЫ) ӨЗЕНІ АҒЫП ӨТЕДІ. ТЕРІС ӨЗЕНІНДЕ ТЕРІСАЩЫБҰЛАҚ БӨГЕНІ САЛЫНҒАН (КӨЛЕМІ 50 МЛН. М³). ЭКСПЕДИЦИЯНЫҢ БАРЫСЫНДА ТАҢДЫ БОЛҒАН ЖАҒДАЙ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖУАЛЫ ӨҢІРІНДЕ БІРНЕШЕ БҰЛАҚТАР БАР ЕКЕН. ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ӘУЛИЕ БАСТАУ БҰЛАҒЫ ДЕП АТАЛАДЫ. АУДАННЫҢ ОҢТҮСТІК ШЫҒЫСЫНДАҒЫ БҰЛАҚТЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР АТАУЫН «КӨЗ БҰЛАҒЫ» ДЕП АТАЙДЫ. СЕБЕБИ: БҰЛАҚТЫҢ ОҢТҮСТІК БАТЫСЫ ШАМАМЕН 100-150 М БИІКТІКТЕГІ ЖОТА ТӨБЕСІНЕН ШЫҒЫП ҚАРАҒАНДА ШЫНДЫҒЫНДА КӨЗДІҢ ПІШІНІНЕ ҰҚСАЙДЫ. БҰЛАҚТЫҢ ДӘЛ ОРТАСЫ КӨЗДІҢ ҚАРА ШЫҒЫНДАЙ, МЕНІҢШЕ ОРТАСЫ ТЕРЕҢ БОЛУЫ МҮМКІН, АЛ ЖАН-ЖАҒЫ САЯЗДАУ, СЕБЕБИ: ОЛ ЖЕР АҚШЫЛ ЖӘНЕ ТҮБИ ТҰНЫҚ КӨРІНІП ЖАРЫР. АЛ ЖАН-ЖАҒЫН ҚОРШАП ЖАТҚАН МАЙДА ҚАМЫСТАР КӨЗДІҢ КІРПІКТЕРІНЕ ҰҚСАЙДЫ. ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРЫНДАРДЫҢ АЙТУЫНША ҚАЗІРГІ ТАҢДА БҰЛАҚ ОНША ТАНЫМАЛ ЕМЕС. ӨЙТКЕНІ АЙНАЛАСЫ ҚАМЫС ПЕН ШӨПТЕСІН ӨСІМДІКТЕР ҚАПТАП ӨСІП КЕТКЕН. БИЛІКӨЛ ӨҢІРІНДЕ ДЕ, «ӘУЛИЕ БҰЛАҚ» БАР, ОЛ БҰЛАҚҚА ХАЛЫҚ КӨП БАРАДЫ ЕКЕН. АУДАННЫҢ ТАУЛЫ ҮСТІРТІНІҢ СҰР ТОПЫРАҒЫНДА ӨСЕТІН ӨСІМДІКТЕР: БҰЙРА ЖУСАН МЕН КӨК ЖУСАН, АСТЫҚ ТҰҚЫМДАС ӨСІМДІКТЕР, БОЗ, СЕЛЕУ, ҚЫЗҒЫЛТ ҚОҢЫР ТОПЫРАҒЫНДА ТҮРЛІ ШӨПТЕР, КИКОТЫ, ЖАЛБЫЗ, МЫҢЖЫЛДЫҚ, БИДАЙЫҚ АРАЛАС ӨСІМДІКТЕР ӨСЕДІ. МЫҢЖЫЛДЫҚТЫ ЖИНАП ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНА ФАРМАЦЕВТИКАҒА ӨТКІЗЕДІ. ӨЗЕН БОЙЛАРЫНДА БҰТАЛЫ ТОҒАЙЛАР (ТОБЫЛҒЫ, ИТМҰРЫН, ДОЛАНА, САРЫАҒАШ) КЕЗДЕСЕДІ. ТАУ АҢҒАРЛАРЫНДА ЖАБАЙЫ АЛМА, АЛМҰРТ, ҮЙЕҢКІ, ШЕТЕН ӨСЕДІ. АУДАННЫҢ ОҢТҮСТІК БӨЛІГІНДЕГІ ТАЛАС АЛАТАУЫНЫҢ БЕТКЕЙЛЕРІ – АЛЬПІЛІК ЖӘНЕ СУБАЛЬПІЛІК ШАЛҒЫН. БҰЛ ӨҢІР АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ ҚОРЫҒЫНЫҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІ САНАЛАДЫ. СОЛТҮСТІГІНДЕГІ БИЛІКӨЛ ҚАЗАНШҰҢҚЫРЫНЫҢ СҰР ТОПЫРАҒЫНДА ЖУСАН, СОРАҢ ӨСІМДІКТЕР, АСЫ ӨЗЕНІНІҢ АҢҒАРЫНДА ШИ ӨСЕДІ. ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДАН ҚАРАҚҰЙРЫҚ, ЖАБАЙЫ ШОШҚА, ШИЕБӨРІ, САРЫШҰНАҚ, ҚОЯН, Т.Б. КЕЗДЕСЕДІ. ҚҰСТАРДАН ҚЫРҒАУЫЛ, ИТЕЛГІ, БОЗТОРҒАЙ, САРЫТОРҒАЙ, ШЫМШЫҚ, ҰЗАҚ ТОРҒАЙ. КЕКІЛІК КЕЗДЕСЕДІ. БИЛІКӨПЛЕ САЗАН. ЖАЙЫН АУПАНАЛДЫ.



ӘУЛИЕ БАСТАУ (КӨЗ БАСТАУ)

ДЕМОГРАФИЯ. Аудан халқының саны - 51 978 адам. Ауданда халық біркелкі орналаспаған. Елді мекендері көбінесе темір жолдың бойында орналасқан. Халқының тығыздығы 1 шаршы шақырымға 12 адам. Ауданда мекен ететін ұлт өкілдерінің басым бөлігі, 87 % қазақтар, 8,1 % орыстар, 1,06% шешендер, 1,04 % өзірбайжандар, 1,9 % басқа да ұлттар құрайды. 26159 ер, 26456 әйелдер. Ауданды солтүстік жағынан қаратау таулары, батысынан боралдай, оңтүстігінен талас-алатауы, шығысынан қырғыз алатауы қоршап жатыр.

Аудан аумағын "Алматы-Ташкент" халықаралық трассасы және теміржол магистралы қиып өтеді. Аудан аумағында теріс, ақсай, көксай, бахаты, боралдай және қошқарата өзендері, сонымен қатар, билікөл, теріс-ащы бұлақ су қоймасы бар. Су қоймасының сыйымдылығы 158 млн. куб және ол жамбыл ауданының 23000 га. жерін суландырады. Аудан аумағы 15 ауылдық округтерге бөлінген. Ауданда барлығы 52 елді - мекен бар.

ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ІРІ АУЫЛДАРЫН 13 АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БІРІКТІРІП ОТЫР, АТАП АЙТҚАНДА: Б.МОМЫШҰЛЫ, АҚСАЙ, ҚЫЗЫЛАРЫҚ, АҚТӨБЕ, МЫҢБҰЛАҚ, БОРАЛДАЙ, ШАҚПАҚ, ҚАРАСАЗ, КӨКБАСТАУ, ҚОШҚАРАТА, ЖЕТІТӨБЕ, НҰРЛЫКЕНТ, БИЛІКӨЛ.

АУДАН, НЕГІЗІНЕН, ТӘЛІМІ ЖӘНЕ ІШІНАРА СУҒАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІКПЕН ЖӘНЕ ЕТ - СҮТ БАҒЫТЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАДЫ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖАРАМДЫ ЖЕРІ 329,6 МЫҢ ГА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕГІСТІГІ 90 МЫҢ ГА, ШАБЫНДЫҒЫ 7,5 МЫҢ ГА, ЖАЙЫЛЫМЫ 112,0 МЫҢ ГА, ОРМАНЫ 20 МЫҢ ГА. ЕГІСТІГІНІҢ ІШІНДЕ ДӘНДІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ БАСЫМ. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒЫНЫСТАҒЫ ОКТЯБРЬСКОЕ ЖӘНЕ БУРНЕНСКИЙ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ, АҚСАЙ СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ БАСҚАРМАСЫ, КҮРКІРЕУСУ, СҰРЫМ, ШАҚПАҚ Т. Ж. СТ. ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. АУДАН ЖЕРІМЕН ТҮРКСІБ ТЕМІР ЖОЛЫ, ТАШКЕНТ - АЛМАТЫ, БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ҚОШҚАР АТА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ӨТЕДІ.

КӘСІПОРЫНДАРЫ: БУРНЫЙ СЫР ЗАУЫТЫ ЖШС; "ЖУАЛЫ" АТК; "СМТС" ЖШС.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ:

АУДАН БОЙЫНША 01.12.2009 ЖЫЛҒА МАЛ САНАҒЫ:

1. МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА - 41989 ОНЫҢ ІШІНДЕ СИЫРЫ -14289;
2. ҚОЙ-ЕШКІ - 187644 ОНЫҢ ІШІНДЕ САУЛЫҒЫ - 80680;
3. ЖЫЛҚЫ - 8256 ОНЫҢ ІШІНДЕ БИЕ - 3262;
4. ШОШҚА - 5822 ОНЫҢ ІШІНДЕ НЕГІЗГІ АНАЛЫҒЫ - 515;

ЕТ ӨНІМІ (ТІРІ САЛМАҒЫМЕН) - 108140 ЦН. (10814 ТН.); СҮТ - 329272 ЦН. (32927,2 ТН.); ЖҰМЫРТҚА - 7198,4 МЫҢ ДАНА; ЖҮН - 5303 ЦН. (530,3 ТН.).

ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ӨЗЕН АРНАСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫП КЕТУІ СЕБЕП БОЛЫП ОТЫР. ЕЛДІ МЕКЕН ЖЕРЛЕРІНДЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕГІСТІКТЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДА ӨЗЕН АРНАЛАРЫНА АҒЫСПЕН АҒЫП КЕЛЕТІН САЗ, ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ БОЛЫП ОТЫР.



ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

ЖЕР АСТЫ МЕН ҮСТІ БАЙЛЫҚҚА ТҰНЫП ТҰРҒАН ТАЛАС АУДАНЫН АРЫНДЫ АСА, ТАЛАС ӨЗЕНДЕРІ ЖАРЫП АҒЫП ӨТСЕ, АҚКӨЛ МЕН БИЛІКӨЛ БАЛЫҚҚА БАЙ, АЛ ЕЛДІ МЕКЕННІҢ КЕЗ КЕЛГЕНІ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ БАЙ ӨЛКЕ. ТАЛАС АУДАНЫ ҚАЗАҚСТАН ӨЛКЕЛІК АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ШЕШІМІМЕН 1928 ЖЫЛЫ 3 ҚЫРКҮЙЕКТЕ БҰРЫНҒЫ ОЙЫҚ, ОШАҚТЫ, АҒАШАҚ, БИЛІКӨЛ БОЛЫСТАРЫНА ҚАРАСТЫ 31 АУЫЛДЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН. ОРТАЛЫҒЫ ОЙЫҚ АУЫЛЫ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНГЕН, АУДАН ОРТАЛЫҒЫ 1934 ЖЫЛЫ АҚКӨЛГЕ АУЫСТЫРЫЛҒАН. ҚАЗІРГІ ОРТАЛЫҒЫ – ҚАРАТАУ ҚАЛАСЫ.

АУДАНДАҒЫ 24 ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МЕН ҚАРАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛҚЫН ҚОСҚАНДА 52 МЫҢНАН АСА АДАМ ТҰРАДЫ. НЕГІЗГІ КӘСІБІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУ-КЕН ХИМИЯ ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУ.



Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері Талас ауданы аграрлы-индустриялы өлкеге айналды. Кеңес өкіметі кезінде фосфор кенін игеру мақсатымен дүниеге келген Қаратау қаласы Мәскеудің құзырында еді. Қала мәртебесін иеленгеніне 45 жыл толатын Қаратау 1997 жылдан бері аудан әкімшілігінің орталығына айналғалы — өз шешімін өзі айтар өлкеге айналды. 2003 жылы 25 қазанда Амангелді газ кеніші игеріліп, ел игілігіне берілді. Оның алауын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтің өзі тұтатты.

Аумағы 12,2 мың шаршы шақырымның 574 мың гектар жері мемлекеттік орман қоры алып жатқан ауданда 51,1мың халық тұрады. Орман қорының 96 пайызы шөл және шөлейт аймақта, қалған 4 пайызы тауда. Аудан құрамына 13 ауылдық округтегі 25 елді мекен және 1 қала кіреді. Үстіміздегі жылғы 1 қазанға есеп бойынша 28429 адам қалада, 22718 адам ауылдық жерлерді мекендейді.

Ауданда 88 шағын кәсіпорын, 15 орта кәсіпорын, 1069 жеке кәсіпкер, 902 шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Аудан бойынша орманды алқап – 572469 гектарды, жайылымдық жер – 982395 гектарды, шабындық жер – 25155, егістік алқап – 25651 гектарды алып жатыр. Ірі қара – 26349, қой мен ешкі – 337705, түйе – 1894, жылқы — 7019, құс – 189780 басқа жетіп отыр.

Ауданда білім бөліміне қарасты 55 мекеме жұмыс істейді. Одан тыс М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің филиалы, 3 колледж, мүгедек балалар мектебі мен қарттар үйі, 18 өнер ошағы, 20 кітапхана, мұражай, мұрағат, «Авангард» кинотеатры, кеншілер саябағы, 1 аудандық орталық емхана, 1 аудандық орталық аурухана, 1 ауылдық аурухана, 11 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 15 ауылдық медициналық пункт халыққа қызмет етеді.

Аудан өнеркәсібі саласында «Шолақтау» тау-кен өндейтін кәсіпорны, «Амангелді ГӨЗ» газ өндеу заводы, «КазТрансГаз» БҚ АҚ және «Игілік» КМ КК жұмыс істейді.

ТАЛАС АУДАНЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Географиялық орны. Қаратау қаласы облыстың оңтүстік бөлігінде, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 82 км жерде, Қаратау тауының солтүстік-батыс сілемі - Шолақтау баурайында, Жетімшоқы және Ақтау тауаралық аңғарында орналасқан. Жер аумағы 200 км².

Координатасы 43°10'37" с. е. 70°27'56" ш. б. 43°10'37" с. е. 70°27'56" ш. б.

Қаратау жотасы табиғи физикалық-географиялық шекара болып табылады, сондықтан солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс беткейлері физикалық-географиялық жағдайы бойынша бір-бірінен кескін айырылып отырады. Қаратаудың су айырығы ландшафттардың жеке класын құрайды. Қаратау тектоникалық жағынан Қазақ қатпарлы жүйесі құрамына кіреді.

Геоморфологиясы. Қаратау 5-6 балдық сейсмикалық зонада орналасқанын анықтау үшін, геодезиялық нивелировка арқылы, оңтүстік-шығыс шетінде Арыс-Тараз темір жол трассасы бойында жүргізілген жаңа тектоникалық қозғалыстар қайта анықталған, мысалы, Шақпақ ауысуында көтерілу процесінің жылдамдығы 12 мм/жылына.

Климат жағдайы. Қаратау екі климаттық облыста орналасқан. (Батыс-Тянь-Шань климаттық облыс құрамына кіретін, Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейін қамтитын) Батыс-Қаратау климаттық ауданы және (Солтүстік-Тянь-Шань облысындағы Қырғыз таулы облыс тармағының), Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейін қамтитын Шығыс-Қаратау климаттық ауданы.

Жергілікті халық Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейін Теріскей, ал оңтүстік-батыс беткейін күнгей деп атайды. Теріскей басым салқын және ылғалды, ал Күнгей жылы және құрғақ болып келеді. Негізінде Қаратау жергілікті мағынадағы климат айырықшы болып табылады. Қаратау жотасы гипсометриялық қатыста орта биікті тауларға жатады.

Қаратау қысқы маусымда үш ауа массасының ықпалында болады: арктикалық ауа массалары, Қаратауға дейін өзгерген түрінде келеді, бірақ өзімен салқын ауа алып келеді; атлантикалық немесе батыс ауа құрғақтау күшті өзгерген түрінде келеді; Иран тау қыраты үстінде қалыптасатын субтропиктік ауа массалары Қаратауға жылымық алып келеді. Кейбір жылдары Қаратау жотасына дейін Сібір (Орта азиялық) антициклонның ықпалы жетеді, ол өзімен өте төмен температура алып келеді.

ҚАСҚАБҰЛАҚ - КҮРДІЛЕР АУЫЛЫ

«Қасқабұлақ» өзіне тән географиялық табиғат ландшафттарымен ерекшеленетін, тек күрді халқының өкілдерінен құралған ауыл. Ауыл ауданның оңтүстік батысы тау жотасының ортасында, Қасқабұлақ өзенінің айналасында орналасқан. Ауасы таза, суы тұнық, тыныш жер. Өзен айналасындағы жер бедері әр түрлі, жазық жерлер аз көбінде төбешіктер. Тұрғындардың көбісінің үйлері осы жерлерде орналасқан. Өсімдіктерінен: шөптер, бұта аралас боз жусан, сұлыбас, баялыш, бидайық аралас өсімдіктер өседі. Өзен бойларында бұталы тоғайлар (тобылғы, итмұрын,) кездеседі.

Тау аңғарларында жабайы алма, алмұрт, шие, үйеңкі, бақа теректері өседі, ал жануарлардан қасқыр, түлкі, қошқар, қоян, шиебөрі, сарышұнақ, т.б. кездеседі. Құстардан қырғауыл, ителгі, бозторғай, сарыторғай, шымшық, ұзақ торғай, кекілік кездеседі. Өзенде сазан, судак, лечь, ауланады.

Демография. Ауыл халқының жалпы саны 1221 адамды құрайды. Ауылда халық біркелкі орналаспаған. Елді мекендері көбінесе төбешіктер мен жазықтарда орналасқан. 150 үй бар. Ауылда мекен ететін ұлт өкілдері 100% - күрділер.

Ауыл шаруашылығы. Ауыл тұрғындарының үйінде кездесетін үй жануарлары: қазақы қой, сиыр, түйетауық т.б.

Жазық жерлерінің аз болуы, тасты жердің басым болуына байланысты ауылда бақшалық, егіншілік, түрлерімен айналыспайды. Тұрғындар өздерінің ауласына көк өністер егу мен ғана айналысады. Электр, мобильді жүйелер кіргізілген. Су мен газ құбырлары келешекте тартылады. Ауыз су жерден құдық арқылы 10-30 м жерден қазылған. «Қасқабұлақ» ауылына баратын 2 жол торабы бар солтүстік батыстан 42 км ал оңтүстік шығыстан -12 км. Жол торабын толық жақсарту қажет.



«ҚАСҚАБҰЛАҚ» АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ ЖӘНЕ ТАРМУ ҚҰРЫЛЫС ОТРЯДЫ
СТУДЕНТТЕРІМЕН

ҚОТЫРБҰЛАҚ ӘУЛИЕ БҰЛАҒЫ

БҰЛАҚТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ӨЗ ТӘН ЛАНДШАФТЫЛЫҚ КӨРІНІС БЕРЕДІ. АЙНАЛАСЫ ЖАП-ЖАСЫЛ ШӨПТЕСІН ӨСІМДІКТЕР МЕН БҰТАЛЫ АҒАШ – ТЕРЕКТЕРМЕН ҚОРШАЛҒАН. БҰЛАҚТЫҢ БАСЫНА ҚЫРЫҚБАЕВ ТОҚСАНБАЙ ӘУЛЕТІНІҢ АТЫНАН БЕЛГІ ТАС ҚОЙЫЛҒАН. АЛ ЖОҒЫ ТҰСЫНДА КЕЗІНДЕ ИСЛАМ ДІНІН НАСИХАТТАҒАН ҚАСИЕТТІ ҮШ АТАНЫҢ МАЗАРЫ ТҰР. ХАЛЫҚ БҰЛ МАҢДЫ «ҮШ АТА» ДЕП ТЕ АТАЙДЫ ЕКЕН.



Бұлақтың суы мұздай тұнық мөлдір, исі жоқ дәмді. Бұлақ түбінде балықтың екі түрі кездеседі: маринка, корель. Қотырбұлақ әулие бұлағы - тері ауруларына ем, тері ауруына ұшыраған мал мен адамдар осы бұлақтың суымен емделген екен.




БҰЛАҚ ШЫРАҚШЫСЫ 90 ЖАСТАҒЫ ҚАРТ ҰЛДАН АНА БҰЛ БҰЛАҚТЫҢ СУЫНА КЕЛІП 3 РЕТ ТҮСІП, БАЛШЫҒЫМЕН ЕМДЕЛГЕН АДАМДАР ТЕРІ АУРУЛАРЫНАН ҚҰЛАН ТАЗА АЙЫҒЫП КЕТКЕНДІГІН АЙТЫП ӨТТІ. ҚАРТ АНА БҰЛ БҰЛАҚТЫҢ ӨЗІНДІК ФЛОРАСЫ МЕН ФАУНАСЫ БАР ЕКЕНДІГІН, КЕРЕМЕТ ЖАНҒА ЖАЙЛЫ, ШИПАЛЫ ЖЕР ЕКЕНДІГІНЕН МӘЛІМ ЕТТІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАДА ЖАЗЫЛМАЙДЫ ДЕГЕН ПСОРИАЗ АУРУЫНАН ДА ЖАЗЫЛЫП КЕТКЕНДЕР БОЛЫПТЫ. ӘРТҮРЛІ ТЕРІ АУРУЛАРЫ, КҮЙГЕН ЖЕРЛЕР, Т.С.С. ТҰСТАРҒА БҰЛАҚ ЖАҒАСЫНДАҒЫ БАЛШЫҚТАН ЖАҒЫП, АРТЫНША БҰЛАҚ СУЫМЕН ШАЙЫП ЖІБЕРСЕ, БӘРІН АЛЫП ТҮСЕДІ ЕКЕН... СОНЫМЕН ҚОТЫР БҰЛАҚ БАСЫНДА БАЛАЛЫ БОЛА АЛМАЙ ЖҮРГЕН ӘЙЕЛДЕР ТӘУ ЕТІП, БАЛА СҰРАЙТЫН АРНАЙЫ ОРЫН БАР. БІР ҚЫЗЫҒЫ ШЫРАҚШЫ АПА КІМ БАРСА ДА СОЛ БҰЛАҚТАН ҮЙІНЕ ШЕЛЕКТЕП СУ ТАСЫТҚЫЗЫП АЛАДЫ ЕКЕН. ҚҰСТАРДАН ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРГЕ ТӨН ҚҰС ТҮРЛЕРІ МЕН БҰЛБҰЛ ҚҰСЫ ДА БАР ЕКЕН. БҰЛБҰЛ ҚҰС ӨЗІНЕ ҰНАҒАН АДАМДАР КЕЛГЕНДЕ ҒАНА САЙРАЙТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АПА АЙТЫП БЕРДІ



САРЫСУ АУДАНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



ЭКСПЕДИЦИЯНЫҢ САРЫСУ
АУДАНЫНДА АТ БАСЫН ТІРЕГЕН АЛҒАШҚЫ
НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ - ҚАРАЖАРТАС ӘУЛИЕ
БҰЛАҒЫ БОЛДЫ. БҰЛАҚ ЖАҢААРЫҚ
АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ, АҚТОҒАЙ АУЫЛЫНАН 2
ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ, ТАУДЫҢ ТӨБЕСІНДЕ
ОРНАЛАСҚАН. БҰЛАҚТЫҢ МАҢЫНДАҒЫ 100
ЖЫЛДЫҚ АЛЫП АҒАШТАР БІРАЗЫ ШІРІП
ҚҰЛАП ЖАТҚАНЫМЕН ОНЫ ЖЕРГІЛІКТІ
ХАЛЫҚ ОТЫНҒА АЛМАЙДЫ ЕКЕН, СЕБЕБІ
ӘУЛИЕЛІ ЖЕРГЕ ДЕГЕН ХАЛЫҚТЫҢ
ҚҰРМЕТІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ
БҰЛАҚТЫҢ СУЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТӘУ ЕТІП,
ҚАСИЕТ ТҰТАТЫН СУ КӨЗДЕРІНІҢ БІРІ
ЕКЕН ЖӘНЕ БҰЛАҚТЫҢ ҚАСЫНДА ҚҰЛАП
ЖАТҚАН ЗӘУЛІМ АҒАШҚА БҰЛАҚ БАСЫНА
КЕЛГЕН ХАЛЫҚ ШҮБЕРЕК БАЙЛАП КЕТЕДІ
ЕКЕН



ОСЫ БҰЛАҚҚА ЖАҚЫН ЖЕРДЕ
ОРНАЛАСҚАН, АҚТОҒАЙ АУЫЛЫНАН 1
ШАҚЫРЫМҒА ЖЕТПЕЙТІН ҚАШЫҚТЫҚТА,
ТАУДЫҢ АРАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖАРТАС
САРҚЫРАМАСЫ - КӨРІ ҚАРАТАУДЫҢ
БАУЫРЫНАН АҒЫП ШЫҒЫП ЖАТҚАН
САРҚЫРАМА БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
САРҚЫРАМАНЫҢ АЯҚ ЖАҒЫ ЖУАС ҚАНА
ӨЗЕН СЕКІЛДІ АҒЫП ЖАТҚАНЫМЕН, ОНЫҢ
БАСТАУЫНА БАРСАҢЫЗ, КӘДІМДІГІДЕЙ
ҚАТТЫ АҒЫСПЕН, ТАСТАН ҚҰЛАЙ АҒЫП
ЖАТҚАН КІШІ-ГІРІМ САРҚЫРАМАНЫ
КӨРЕСІЗ. САРҚЫРАМАНЫҢ БАСТАУЫНА
ТАУ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ
ЖӘНЕ ЖОЛЫ ОНША ҚИЫН ЕМЕС.
САРҚЫРАМАНЫҢ БАСТАУЫНДА
КЕЛУШІЛЕРДІҢ ШОМЫЛЫП, ДЕМ АЛУЫНА
БОЛАТЫНДАЙ ЖЕРЛЕРІ БАР.



ІСЕКТАС ЖАРТАСЫ - ЖАҢАТАСТАН 4,5 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ, ЖАҢАТАСҚА БАРАТЫН ТАС ЖОЛ БОЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН. БҰЛ ЖАРТАСТЫ ЧАПАЕВ ЖАРТАСЫ ДЕП ТЕ АТАЙДЫ. БҰЛ ЖАРТАСТЫ АЛЫП ДИНОЗАВРҒА ҰҚСАТУҒА БОЛАДЫ, ЕРЕКШЕ БІТІМДІ ТАС. АЛ КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕ ЧАПАЕВТЫҢ БЕЙНЕСІНЕ ҰҚСАТҚАН. ЖАРТАСТЫҢ БИІКТІГІ - 50 МЕТР, ӨТЕ КӨНЕ ТАУ. ІСЕКТАСТЫҢ ТҮБІНЕН БҮРКІТТІ ӨЗЕНІ АҒАДЫ. БҰРЫНҒЫ КЕЗЕҢДЕ МҰНДА СУ ДИІРМЕНДЕРІ БОЛҒАН ЕКЕН. ЕГЕР ҚАСЫНАН БАРЫП, ЖАҚЫНДАП ҚАРАЙТЫН БОЛСАҢЫЗ, ТАСТАН НЕШЕ ТҮРЛІ БЕЙНЕЛЕРДІ КӨРУГЕ ЖӘНЕ ҰҚСАТУҒА БОЛАДЫ, ӨЗІНШЕ ЕРЕКШЕ ТАУ РЕТІНДЕ ТОҚТАП, ҚЫЗЫҚТАУҒА БОЛАТЫН ЖЕР.



МАЯТАС ҮҢГІРІ - МАЯТАС АУЫЛЫНАН
ОҢТҮСТІККЕ ҚАРАЙ 9 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕ,
БҮРКІТТІ ӨЗЕНІНІҢ ШЫҒЫСЫНДА
ОРНАЛАСҚАН. ҮҢГІРДІҢ ОРТАСЫ 5 ҚАНАТТЫ
КИІЗ ҮЙДІҢ АУМАҒЫМЕН БІРДЕЙ. ОҢТҮСТІК
ЖАҚТАҒЫ КІРЕБЕРІСІНІҢ БИІКТІГІ - 3,5 МЕТР.
ҮҢГІР АЛҒАШҚЫ АДАМДАРДЫҢ ТҰРАҒЫ
БОЛҒАН. АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАН
КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨТЕ КӨНЕ ҮҢГІР.



НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!